



ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ
II ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ ХАТТАМАЛАРЫ
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ

ХАТТАМА

Өткізілген күні: 23.02.2026 ж.

Өткізілген орны: Ақтөбе қаласы, №16 орта мектебі

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, әдістемелік кеңес мүшелері, педагогтер

Күн тәртібі:

Жаңадан келген педагогтердің сабақтарына қатысу және талдау нәтижелері туралы

Тыңдалды:

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес жаңадан келген педагогтердің кәсіби бейімделуін бақылау және әдістемелік көмек көрсету мақсатында өткізілген сабақтарға қатысу нәтижелері туралы ДОЖЖО М.К.Мухамбеталина баяндама жасады.

Баяндама барысында ағылшын тілі пәні мұғалімі И.Д.Имбергенова, биология пәні мұғалімі А.Н.Нурмухамбетов, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі С.Ф.Денасилова сабақтарының талдауы ұсынылды. Сабақтарды бақылау барысында мұғалімдердің оқу процесін ұйымдастыруы, сабақ құрылымы, оқушылармен жұмыс әдістері, бағалау және кері байланыс беру тәсілдері қарастырылғаны айтылды.

Сабақтардың жақсы жақтары ретінде сабақ мақсаттарының нақтылығы, құрылымының сақталуы, оқушылармен кері байланыстың жүргізілуі және оқушылар белсенділігінің арттырылғаны атап өтілді. Сонымен қатар уақытты тиімді жоспарлау, саралап оқыту, бағалау критерийлерін нақтылау және цифрлық ресурстарды қолдану бағытында кемшіліктер бар екендігі көрсетілді.

Сөйлегендер:

Әдістемелік кеңес мүшелері жас педагогтердің сабақтары жалпы талаптарға сай екенін, бірақ кәсіби шеберліктерін арттыру үшін әдістемелік қолдауды күшейту қажет екенін атап өтті.

Қаулы:

1. Жаңадан келген педагогтердің сабақтарына жүргізілген бақылау нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жас педагогтерге әдістемелік көмек көрсету жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
3. Сабақ барысында саралап оқыту, бағалау критерийлерін нақтылау және цифрлық ресурстарды қолдану деңгейін арттыру бойынша жұмыстар күшейтілсін.
4. Педагогтердің кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында тәлімгерлік жұмыстар ұйымдастырылсын.
5. Сабақта уақытты тиімді жоспарлау және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмаларды көбейту ұсынылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы: З.М.Сисенова

Хатшы: М.К.Мухамбеталина

А.А.Амангельдина

ХАТТАМА

Өткізілген күні: 6 наурыз 2026 жыл

Өткізілген орны: Ақтөбе қаласы, №16 орта мектеп

Қатысқандар: мектеп директоры, мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілері, психолог, әдіскер

Күн тәртібі: Мектепалды даярлық топтарында «Тіл дамыту» сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдарын талқылау және олардың функционалдық деңгейін анықтау.

Талқыланған мәселелер:

1. Мектепалды даярлық топтарының жұмысын ұйымдастыру: 3 топ бар, оның ішінде 1 қазақ тілінде, 2 орыс тілінде.
2. 0 «А» сыныбында сөйлеуді дамыту жұмысы үздіксіз жүргізіледі, аптасына 2 сағат сөйлеуді дамытуға және 2 сағат көркем әдебиетке арналған сабақтар қарастырылған.
3. Сабақтарда тыныс алу және артикуляциялық гимнастика, динамикалық үзілістер, саусак гимнастикасы, үйге өлең беру, дидактикалық, қозғалмалы, сюжеттік-рөлдік және театрландырылған ойындар қолданылуы.
4. 0 «Б» сыныбында сөйлеуді дамыту сабақтары аптасына 2 рет өткізіледі. Балалардың өз атын, тегін, жасын, ата-анасын, мекен-жайын айтуға, өлеңді мәнерлеп оқуға, диалог пен монолог жүргізуге, қысқа әңгімелер айтуға үйренуі.
5. 0 «Ә» сыныбының тәрбиешісі Айтжанова Г.А. апта сайын 2 рет сөйлеуді дамыту сабақтарын жүргізеді. Балалардың өз атын, тегін толық айта алуы, қай қалада тұратынын білуі, күнделікті оқу қызметінен алған білімдерін іс жүзінде қолдануы, ертегілер оқу, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, сұрақтарға толық жауап беру, дидактикалық ойындар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, шағын тақпақтарды жаттау арқылы жұмыс жүргізіледі.
6. Балалардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, сөздік қорын кеңейтуге, сөйлеу мәдениетін жетілдіруге бағытталған іс-шараларды іске асыру.
7. Ұсақ қол моторикасын дамыту мақсатында саусак жаттығулары, кима суреттер, конструкторларды пайдалану.

Сөйлегендер:

- Мұғалім, 0 «А» сыныбы: Ақмолдина Жанна Игликовна
- Мұғалім, 0 «Б» сыныбы: Урынбасарова Мадина Абайқызы
- Мұғалім, 0 «Ә» сыныбы: Айтжанова Г.А.

Қорытынды:

Мектепалды даярлық топтарында жүргізілген «Тіл дамыту» сабақтары балалардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, сөздік қорын кеңейтуге, сөйлеу мәдениетін жетілдіруге және оқу үдерісінде алған білімдерін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді. Жұмыс нәтижесінде балалардың сөйлеу қабілеті жақсарды, грамматикалық құрылым дұрыс қалыптасты, диалог және монолог жүргізу дағдылары дамыды.

Мектеп директоры: _____ З.М.Сисенова

ДОЖЖО: _____ М.К.Мухамбеталина

_____ А.А.Амангельдина

ХАТТАМА _____

Өткізілген күні: 18.02.2026 ж.

Өткізілген орны: Ақтөбе қаласы, №16 орта мектеп

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, әдістемелік кеңес мүшелері, жас педагогтер, тәлімгерлер

Күн тәртібі:

«Жас мұғалім – тәлімгер» жүйесіндегі жұмыс және жас мамандар апталығының өтуі туралы

Тыңдалды:

Әдістемелік жұмыс жоспарына сәйкес «Жас мұғалім – тәлімгер» жүйесі аясында жүргізілген жұмыстар және жас мамандар апталығының қорытындысы туралы ДОЖЖО М.К.Мухамбеталина баяндама жасады.

Баяндама барысында жас педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету, кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету және педагогикалық шеберлігін дамыту бағытында атқарылған жұмыстар таныстырылды. 2026 жылғы 30 қаңтар – 6 ақпан аралығында өткен жас мамандар апталығының мазмұны мен нәтижелері баяндалды.

Апталық аясында «Жас маман визиткасы», панорамалық сабақтар, «Жас маманның бір күні» таныстырылымы, «Инновация жәрмеңкесі» шеберлік сыныбы және қорытынды іс-шара ұйымдастырылғаны атап өтілді. Жас педагогтердің сабақтары жоғары деңгейде өтіп, заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолданғаны айтылды.

Сонымен қатар 2026 жылғы 18 ақпанда өткен жас мамандар отырысында қысқа мерзімді жоспар құру, оқу мақсаттарын нақтылау, саралап оқыту, кері байланыс ұйымдастыру, БЖБ және ТЖБ өткізу талаптары бойынша әдістемелік түсіндіру жұмыстары жүргізілгені хабарланды.

Сөйлегендер:

Әдістемелік кеңес мүшелері жас педагогтердің белсенділігін, шығармашылық ізденісін жоғары бағалап, тәлімгерлік жүйенің тиімділігін атап өтті.

Қаулы:

1. «Жас мұғалім – тәлімгер» жүйесі аясында жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жас мамандар апталығының тәжірибесі мектеп тәжірибесіне енгізіліп, дәстүрлі түрде жалғастырылсын.
3. Жас педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету және тәлімгерлік жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Қысқа мерзімді жоспарлау, бағалау жүйесі (БЖБ, ТЖБ) бойынша әдістемелік жұмыстар күшейтілсін.
5. Жас педагогтердің кәсіби дамуын арттыру мақсатында тәжірибе алмасу алаңдары тұрақты ұйымдастырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы: _____ З.М.Сисенова

Хатшы: _____ М.К.Мухамбеталина

_____ А.А.Амангельдина

ХАТТАМА

Өткізілген күні: _____ 2026 ж.

Өткізілген орны: Ақтөбе қаласы, №16 орта мектеп

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, МИФ пәндері мұғалімдері

Күн тәртібі:

Математика, информатика және физика (МИФ) пәндерінің берілу жағдайы бойынша сабақтарды талдау.

Тыңдалды:

МИФ пәндерінің берілу жағдайын зерделеу бойынша анықтама.

Анықтамаға сәйкес, МИФ пәндері оқу жоспарына сай жүргізілуде. Мұғалімдер күнтізбелік-тақырыптық жоспар негізінде жұмыс істейді. Сабақтарда оқу мақсаттары нақты қойылып, сабақ құрылымы жүйелі ұйымдастырылған.

Сабақ барысында заманауи әдіс-тәсілдер (түсіндіру, сұрақ-жауап, деңгейлік тапсырмалар, практикалық жұмыстар) тиімді қолданылуда. Оқушылардың пәнге қызығушылығы орташа және жақсы деңгейде. Көпшілік оқушылар тапсырмаларды орындай алады, алайда кейбір оқушыларға жеке қолдау қажет.

Информатика сабақтарында АКТ құралдары қолданылып, практикалық дағдылар қалыптасуда. Математика және физика сабақтарында логикалық ойлау мен есеп шығару дағдыларын дамытуға көңіл бөлінген.

Жетістіктері:

- Сабақтар жоспарға сай жүйелі жүргізіледі
- Мұғалімдер тиімді әдіс-тәсілдерді қолданады
- Оқушылардың ойлау және есеп шығару дағдылары дамуда
- АКТ құралдары сабақта қолданылуда

Кемшіліктері:

- Кейбір оқушылардың білім деңгейінде айырмашылық бар
- Саралау жұмыстары жеткіліксіз деңгейде
- Практикалық тапсырмаларды көбейту қажет

Ұсыныстар:

- Оқушылармен жеке және сараланған жұмысты күшейту
- Қосымша есептер мен практикалық тапсырмаларды енгізу
- АКТ мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану
- Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында белсенді әдістерді қолдану

Қорытынды:

ХАТТАМА _____

Өткізілген күні: 05.02.2026 ж.

Өткізілген орны: Ақтөбе қаласы, №16 орта мектеп

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, әдістемелік кеңес мүшелері, педагогтер

Күн тәртібі:

Педагогтердің авторлық бағдарламалары мен әдістемелік құралдарын қорғауы туралы

Тыңдалды:

Әдістемелік жұмыс жоспарына сәйкес педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, авторлық тәжірибелерін тарату және әдістемелік өнімдерін насихаттау мақсатында ұйымдастырылған қорғау жұмыстары туралы ДОЖЖО М.К.Мухамбеталина баяндама жасады.

Баяндама барысында педагогтердің ғылыми-әдістемелік еңбектері әдістемелік кеңесте қаралып, облыстық деңгейде жарияланған авторлық жұмыстар таныстырылғаны айтылды. Педагогтер өз әдістемелік құралдарының мазмұнын, мақсат-міндеттерін, білім беру үдерісіндегі тиімділігін және практикалық маңызын қорғап шыққаны атап өтілді.

Сонымен қатар дене шынықтыру, қазақ тілі, арнайы педагогика, музыка, көркем еңбек, биология пәндері бойынша бірқатар мұғалімдердің облыстық деңгейде жарық көрген әдістемелік құралдары таныстырылып, олардың білім беру сапасын арттырудағы маңызы көрсетілді.

Сөйлегендер:

Әдістемелік кеңес мүшелері педагогтердің авторлық жұмыстарының мазмұны жоғары деңгейде екендігін, тәжірибелік маңызы зор екенін атап өтті. Авторлық бағдарламалар мен әдістемелік құралдарды оқу үдерісінде кеінен қолдану қажеттілігі ұсынылды.

Қаулы:

1. Педагогтердің авторлық бағдарламалары мен әдістемелік құралдарын қорғау жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Үздік авторлық тәжірибелер мектеп тәжірибесіне енгізілсін және тарату жұмыстары жолғастырылсын.
3. Педагогтердің ғылыми-әдістемелік қызметін қолдау және жаңа авторлық жұмыстар әзірлеуге жағдай жасалсын.
4. Облыстық, республикалық деңгейде авторлық еңбектерді жариялау жұмыстары жаңдансын.

Әдістемелік кеңес төрайымы: З.М.Сисенова

Хатшы: М.К.Мухамбеталина

А.А.Амангельдина

ХАТТАМА

Күні: 12.03.2026 ж.

Өткізілген орны: Ақтөбе қаласы, №16 орта мектеп

Қатысқандар: мектеп директоры, ДОЖЖО, әдістемелік кабинет қызметкерлері, аттестаттау комиссиясы мүшелері

Күн тәртібі:

1. 2026 жылғы 12 наурыз күні мектепте педагогтерді аттестаттаудың тиімділігін бағалау мақсатында зерттеу жұмыстарының нәтижелерін қарау.
2. Аттестаттау құжаттарын, тест тапсырмаларын және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін талдау.
3. Аттестаттау үдерісін жетілдіру және педагогтердің кәсіби дамуын қолдау бойынша ұсыныстар енгізу.

Талқыланған мәселе:

Мектепте педагогтердің аттестаттаудың тиімділігін бағалау жұмыстары жүргізілді. Аттестаттау педагогтердің кәсіби деңгейін анықтау, олардың оқу-тәрбие үдерісіндегі құзыреттілігін бағалау, педагогикалық тәжірибесін жетілдіру және кәсіби дамуға бағытталған нақты іс-шараларды жоспарлау мақсатында өткізілді.

Зерттеу нәтижелері:

- Аттестаттаудан өтуі тиіс 17 педагог бар.
- 2 педагог тест тапсырмаған: зерттеуші (Даутов Г.С.) және сарапшы (Бекенбаев Н.Н.), Бекенбаев Н.Н. тестілеуді 2025 жылы тапсырған.
- 15 педагог тест тапсырған, олардың 25%-ы сәтсіз нәтиже көрсетті; екінші мүмкіндік сәуір айында беріледі.
- Аттестаттау педагогтердің кәсіби құзыреттілігін анықтау, құжаттарды рәсімдеуді жетілдіру, кәсіби дамуды жоспарлау, педагогикалық мотивацияны арттыру және сапалы кері байланыс беру сияқты маңызды аспектілерде тиімді болды.

Қорытынды:

Аттестаттау педагогтердің кәсіби өсуі мен мектептегі білім беру сапасын арттыруға бағытталған маңызды механизм болып табылады. Аттестаттау нәтижелері педагогтердің өз қызметін жүйелі бағалауға, кәсіби кемшіліктерін анықтауға және тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Шешімдер:

1. Аттестаттау үдерісін кезең-кезеңімен жүйелі ұйымдастыруды жалғастыру.
2. Аттестаттау нәтижелері бойынша педагогтердің кәсіби дамуын қолдау бағытында қосымша әдістемелік көмек көрсету.
3. Тестілеуден сәтсіз өткен педагогтерге екінші мүмкіндік беруді қамтамасыз ету.

Мектеп директоры: _____ З.М.Сисенова

ДОЖЖО: _____ М.К.Мухамбеталина

Комиссия мүшесі: _____ А.А.Амангельдина

ХАТТАМА

Өткізілген күні: 2026 жыл, наурыз

Өткізілген орны: Ақтөбе қаласы, «№16 орта мектебі» КММ

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері, жас мамандар

Күн тәртібі:

2026 жылғы қаңтар–наурыз айларында өткізілген пәндік-әдістемелік апталықтар мен жас мамандар онкүндіктерінің қорытындысы

Тыңдалды:

М.К.Мухамбеталина – ДОІЖО

2026 жылдың II жартыжылдығында өткізілген пәндік-әдістемелік апталықтар мен онкүндіктердің өту барысы туралы баяндама жасады.

Баяндамада:

- Ағылшын тілі апталығы барысында оқушылардың тілдік дағдылары (оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым) кешенді түрде дамығаны;
- Эстетикалық цикл апталығында оқушылардың шығармашылық, эстетикалық және физикалық қабілеттері артқаны;
- «Магистр апталығы» аясында педагогтердің ғылыми-зерттеу және кәсіби шеберліктері жоғары деңгейде көрінгені;
- «Жас маман: Кәсіби өсу жолы» онкүндігінде жас мамандардың кәсіби бейімделуі мен әдістемелік дайындығы нығайғаны атап өтілді.

Апталықтар барысында заманауи педагогикалық технологиялар, саралау әдістері, қалыптастырушы бағалау және АКТ құралдары тиімді қолданылғаны айтылды.

Сөйлегендер:

Пән мұғалімдері:

Апталықтардың тиімді өткенін, оқушылардың пәнге қызығушылығы артқанын және білім сапасының жоғарылағанын атап өтті.

Жас мамандар:

Онкүндік барысында өз тәжірибелерін жетілдіріп, тәлімгерлерден кәсіби қолдау алғандарын жеткізді.

Тәлімгер педагогтер:

Жас мамандардың шығармашылық белсенділігі мен жаңа әдістерді меңгеруге деген ынтасы жоғары екенін айтты.

Қаулы:

1. Пәндік-әдістемелік апталықтар мен жас мамандар онкүндіктерінің жұмысы **қанағаттанарлық** деп танылсын.
2. Үздік тәжірибелер мектептің әдістемелік қоржынына енгізілсін.
3. Апталықтар мен онкүндіктерді жыл сайын дәстүрлі түрде өткізу жалғастырылсын.
4. Үздік педагогикалық тәжірибелер қалалық/аудандық деңгейде таратылсын.

ХАТТАМА

Өткізілген күні: ___ 2026 ж.

Өткізілген орны: Ақтөбе қаласы, №16 орта мектебі

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, педагогтер

Күн тәртібі: Мұғалімнің өзіндік білімін жетілдіру жұмысының тиімділігін талқылау.

Талқыланған мәселелер:

1. Мұғалімдердің кәсіби тәжірибесін зерттеу және жинақтау.
2. Жариялымдар мен педагогикалық басылымдарға қатысу.
3. «Ақтөбе ұстаз», «Педагогикалық тәжірибелер мен жетістіктер шеруі» және «Өрлеу орталығы» платформаларында жариялымдар жасау.
4. 2026 жылдың қаңтар айынан бастап мектеп педагогтері:
 - 38% газеттер мен журналдарға жариялым жасады,
 - 30% педагог әдістемелік құралдар шығарды.
5. «Ұстаз» платформасында 2025–2026 оқу жылында 9 мұғалім өз жариялымдарын жүктеді.

Қорытынды:

Педагогтердің өзіндік білімін жетілдіру жұмысы мектепте кәсіби дамудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Жариялымдар мен тәжірибе алмасу педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, әдістемелік мәдениетін жетілдіруге, инновациялық білім беру тәсілдерін енгізуге ықпал етті.

Мектеп директоры: _____ З.М.Сисенова

ДОЖЖО: _____ М.К.Мухамбеталина

_____ А.А.Амангельдина